

Жамбыл облысы
әкімдігінің 14.07.2009 жылғы №244
қаулысымен бекітілген.



Утверждено постановлением
Акимата Жамбылской области за №244 от
14.07.2009 года.



Жамбыл облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасы
«Жамбыл медициналық колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

2009 ж. "30" сәуірі

ЗАҢДЫ ТҮЛГАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 990240002413

Алғашқы тіркелген күні

1999

20 ж. "02" 02 жүргізілді

№ 4983-1919-ТЧК

ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ

коммунального государственного
казенного предприятия
«Жамбылский медицинский колледж»
управления здравоохранения акимата
Жамбылской области»

**«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (мемлекеттік тіркеу туралы №4983-1919-МК мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі) «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының әрі қарай «Кәсіпорын», болып атауының өзгеруіне байланысты 14 шілде 2009 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің №244 қаулысы негізінде қайта тіркеледі.
- 1.2. Кәсіпорын оралымды басқару құқығы негізінде құрылады және мемлекеттік меншік субъектісі ретінде, меншік иесі өкілеттік берген жергілікті атқару органдарының қарамағында болады.
- 1.3. Кәсіпорын заңды тұлға болып табылады, оның өз фирмалық атауы толық көрсетілген елтаңбалы мөрі, мөртабаны, бланкілері, эмблемасы және басқа белгілері бар, мүліктік және мүліктік емес құқықтарға ие бола алады және міндеттемелер қабылдай алады, сотта талапкер және жауапкер ретінде қатысады.
- 1.4. Жамбыл облысы әкімдігінің Кәсіпорнының меншік иесі немесе құрылтайшысы, әрі қарай «Меншік иесі». және уәкілетті органы болып табылады. Мемлекеттік басқару органы - Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы.
- 1.5. Меншік иесінің рұқсаты бойынша Кәсіпорын пайда түсетін қызмет түрлерімен айналысуға құқылы. Мұндай қызмет арқылы түскен пайдалар, осы пайда есебінен алынған мүлік Кәсіпорынның дербес билік етуіне беріледі және олар жеке баланста тіркеледі.
- 1.6. Кәсіпорын өз қызметі барысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік кәсіпорындар туралы» Заңын, өзге заң актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.
- 1.7. Кәсіпорында саяси партиялар, қоғамдық – саяси және діни қозғалыстардың ұйымдық құрылымдарын құруға және жұмыс істеуіне жол берілмейді.
- 1.8. Кәсіпорынның фирмалық атауы: «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
- 1.9. Кәсіпорынның орналасқан жері: пошталық индексі 080000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі, 20.

2. Кәсіпорынның мақсаты және қызметінің мәні

2.1. Кәсіпорынның тапсырмасы

Кәсіптік орта білім беру келесі мамандықтар бойынша мамандарды дайындау:
Емдеу ісі /шифр 030101 3/ күндізгі жалпы негізгі білім беру базасында 3 жыл 10 ай, жалпы орта білім беру базасында – 2 жыл 10 ай, кешкі – 3 жыл 6 ай.
Мейірбике ісі /шифр 030203 3/ күндізгі - жалпы негізгі білім беру базасында 3 жыл 10 ай, жалпы орта білім беру базасында – 2 жыл 10 ай. кешкі — 3 жыл 6 ай;
Акушер ісі /шифр 0309013/ күндізгі 2 жыл 10 ай, кешкі — 3 жыл 6 ай;
Фармация /шифр 0306013-2/ күндізгі - 2 жыл 10 ай, кешкі — 3 жыл 6 ай;

- орта медициналық мамандарды дайындау, біліктілігін жоғарылату және қайта дайындау.

2.2. Кәсіпорын қызметінің іс - әрекеті:

1. Мамандығы 030101 3 «Емдеу ісі», біліктілігі «Жалпы тәжірибелік фельдшер».

Кәсіптік қызмет объектілері. Түлектердің кәсіптік қызмет объектілері ересек тұрғындар мен балалар болып табылады. Түлектердің кәсіптік қызмет орындары төмендегілер болып табылады:

- Түрлі ведомстволар мен мекемелердің денсаулық сақтау қызметін басқару органдары;
- Әр түрлі меншікті емдеу – профилактикалық мекемелері: амбулаториялар, аудандық ауруханалар, ауылдық дәрігерлік ауруханалар, ауылдық дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік – акушерлік пункттер, жедел көмек көрсету станциялары, медико - санитарлық бөлімдер, профилакториялар мен сауықтыру орындары;
- Медициналық сақтандыру және әлеуметтік қызмет сала қызметтері.

Кәсіптік қызметтің түрлері.

«Емдеу ісі» мамандығы бойынша түлектер келесі кәсіптік қызмет түрлерін орындай алады:

- Емдеу (науқастарды қабылдау, диагноз қою, емдеу, дәрігерге дейінгі және шұғыл көмек көрсету);
- Санитарлық – профилактикалық;
- Салауатты өмір салтын үгіттеуді жүргізу.

2. Мамандығы 030203 3 «Мейірбике ісі», біліктілігі «Жалпы тәжірибелі мейірбике».

Кәсіптік қызмет объектілері

Түлектердің кәсіптік қызмет объектілері ересек тұрғындар мен балалар болып табылады.

Түлектердің кәсіптік қызмет орындары төмендегілер болып табылады:

- Түрлі ведомстволар мен мекемелердің денсаулық сақтау қызметін басқару органдары;
- Әртүрлі меншікті балалар емдеу-профилактикалық мекемелері: стационарлар, емханалар, амбулаториялар, аудандық ауруханалар, ауылдық дәрігерлік ауруханалар, ауылдық дәрігерлік амбулаториялар, профилакториялар мен сауықтыру орындары;
- Медициналық бағыттағы ғылыми-зерттеу мекемелері «бөбекжай, бала-бақшалар»;
- Білім беру мекемелері (мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары);
- Әлеуметтік қызмет сала қызметтері.

«Мейірбике ісі» мамандығы бойынша түлектер келесі кәсіптік қызмет түрлерін орындай алады:

- Мейірбике процесінің барлық кезеңдерін ұйымдастыру;
- Науқастарға білікті күтім жасау;
- Мейірбикелік манипуляцияларды орындау;
- Дәрігерге дейінгі жәрдем көрсете білу;
- Профилактикалық жұмыстарды және салауатты өмір салтын үгіттеуді жүргізу.

3. Мамандығы 030901 3 «Акушерлік іс», біліктілігі «Жалпы тәжірибелі акушер».

Кәсіптік қызмет объектілері. Түлектердің кәсіптік қызмет объектілері әртүрлі жас топтарындағы әйелдер болып табылады. Түлектердің кәсіптік қызмет орындары төмендегілер болып табылады:

- Түрлі ведомстволар мен мекемелердің денсаулық сақтау қызметін басқару органдары;
- Халықтың, ана мен баланың денсаулығын қорғау ұйымдары (жанұяны жоспарлау қызметі, «Неке және жанұя» кеңестері, медициналық-генетикалық кеңестер);
- Әр түрлі меншікті емдеу-профилактикалық мекемелері: стационарлар, емханалар, амбулаториялар, аудандық ауруханалар, ауылдық дәрігерлік ауруханалар, ауылдық дәрігерлік амбулаториялар, профилакториялар мен сауықтыру орындары;
- Медициналық бағыттағы ғылыми-зерттеу мекемелері;
- Білім беру мекемелері (колледждер, жоғары оқу орындары);
- Медициналық сақтандыру және әлеуметтік қызмет сала қызметтері.

Кәсіптік қызметтің түрлері.

«Акушерлік іс» мамандығы бойынша түлектер келесі кәсіптік қызмет түрлерін орындай алады:

- Емдеу;
- Босануға көмектесу;
- Профилактикалық; санитарлық-профилактикалық;
- Жанұяны жоспарлау бойынша консультациялар;
- Салауатты өмір салтын үгіттеуді жүргізу;
- Дәрігерге дейінгі жәрдем көрсете білу.

4. Мамандығы 030601 3 «Фармация» бойынша кәсіптік білім бағдарламасын меңгеру түрі:

- Мамандардың біліктілігі – «Фармацевт ассистенті»
- Фармацевт ассистенті біліктілігіне сәйкес даярланған мамандар дәрілік заттардың айналысы саласында кәсіби іс-әрекеттерді, оның ішінде дәрілерді дайындау, босату және сақтау жұмыстарын атқаруға дайын болуы тиіс.
- Фармацевт ассистенті келесі кәсіби міндеттерді шешуге даярланады:
 - - дәріхананың рецепсіз босату бөлімінің, дәріханалық пункттер мен дүңгіршек жұмысын ұйымдастыру;
 - Дәрілерді және медициналық бұйымдарды рецепсіз босату;
 - Дәрілерді рецепсіз босату кезінде тұрғындарға керекті түсініктемелер мен анықтамалар беру;
 - Дәрілік түрлерді дәріханада дайындау;
 - Титрленген ерітінділерді, реактивтерді дайындау, дәріханалық және өлшеу ыдыстарымен жұмыс істеу, құрал-жабдықтарды қолдану;
 - Дәрілік шөптерді жинау, оларға макро-микроскопиялық, тауарлық талдау жүргізу;
 - Қауіпті жағдайларда зардап шеккен ауруларға шұғыл түрде бірінші дәрігерлік көмек көрсету.

Фармацевт ассистенті кәсіби іс-әрекеттерін жоғарғы фармацевтикалық білімді мамандар - фармацевттердің бақылауымен жүзеге асыруға құқылы.

Кәсіби қызмет объектілері.

Фармацевт ассистентінің кәсіби қызметтерінің объектілері болып профилактикалық мақсатта, диагностикада, ауруларды емдеуде қолданылатын дәрілік заттар, медициналық бұйымдар және медициналық техникалар саналады.

2.3. Кәсіпорын сонымен қатар келесідей қызметтерді жүргізе алады:

- 1) облыс, ауданның денсаулық сақтау басқармаларына кезекті есеп-беру ақпаратын табыс ету;
- 2) жоспарлы-қаржылық және шаруашылық қызметтерінің тиімділігі;
- 3) ТЖ (төтенше жағдай) жағдайындағы кәсіпорынның жұмысына дайындықты қамтамасыз ету;
- 4) Басқа мекемелер мен кәсіпорындар және жеке меншік нысаны әр түрлі кәсіпорындармен келісім шарт жасау.
- 5) Келісім шарт негізінде тәжірибе базаларын ұйымдастыру келісілген бағдарлама және күнтізбелік кестемен бекітіліп, кәсіби тәжірибені өткізу анықталады.

3. Кәсіпорынның қызметтері

3.1 Жарғыға, тәрбие және білім беру жұмыстарын жүргізу құқығы үшін берілген лицензияға сәйкес оқушыларды тәрбиелеу және оқыту.

3.2 Білім беру — тәрбие үрдісін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жетілдіру.

3.3 Білім беруді мемлекеттік органдары белгілеген стандарттарды сақтай отырып тәрбие-білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын жасау және бекіту.

3.4 Білім беру ұйымдарындағы оқу және тәрбие жұмыстарының есебі теориялық және өндірістік оқытудың есепке алу журналдарын және оқу бағдарламаларының оқу сағаттарында орындалуын есепке алу арқылы жүзеге асырылады.

- 3.5 Оқу және тәрбие процесі білім алушылардың, педагог қызметкерлердің адамгершілік қадір – қасиетін құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.
- 3.6 Осы жарғыда көрсетілген міндеттерді іске асыру үшін материалдық-техникалық база құру, атап айтқанда: тәрбие-білім беру үрдісін қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету және жабдықтау, бөлмелерді жабдықтау және тәрбие білім беру мәселелерінің бүкіл кешенін тиімді шешу үшін жағдай жасау.
- 3.7 Балаларға медициналық-сауықтыру қызмет көрсетуді, олардың тамақтануын, спорттық сауықтырылуын, демалысын ұйымдастыру.
- 3.8 Тәрбиелеу мен алдыңғы қатарлы әдістері мен нысандарын анықтау, зерттеу, қорыту, дайындау және енгізу.
- 3.9 Әдістемелік және кеңес беру қызметін көрсету.
- 3.10 Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыруға көмектесу, оқу-тәрбиелеу мәселелері бойынша конференциялар, симпозиумдар, көрмелер ұйымдастыру және өткізу.
- 3.11 Баланың денсаулығы туралы қамқорлық, дұрыс дене дамуын қамтамасыз ету және бала денсаулығын гигиена талаптарына сәйкес барлық жағдайды ұйымдастыру жолымен шынықтыру, дұрыс тамақтануды, ауаны, суды және күнді дұрыс пайдалануды жүргізу, ойындар мен дене жаттығуларын жүргізу, сонымен қатар аурудың алдын-алу бойынша шаралар жүргізу.
- 3.12 Оқушының ақыл-ой қабілетін және шығармашылық дамуын жүзеге асыру.
- 3.13 Өзін-өзі қарау кезінде балалардың дербестік дағдысын, тазалық дағдысын, еңбектену әдетін, заттарды дұрыс қолдануды, оларды ұқыпты және құнтітап ұстауға үйрету.
- 3.14 Балаларды тәртіпке үйрету, оларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу, балалар мен үлкен кісілер арасында дұрыс қарым - қатынас, үлкендерді сыйлауға, ата-аналарын сүйеге үйрету.
- 3.15 Жеке адамның шығармашылық, рухани және күш – қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой - өрісін байыту;
- 3.16 Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтың салт-дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- 3.17 Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 3.18 Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.
- 3.19 Кәсіпорын орта арнайы білім бойынша мамандықтар даярлайды.
- 3.20 Осы Жарғыда қарастырылмаған іс-шаралардың жүзеге асырылуы арнайы құрылтайшы келісімімен іске асады.

4. Білім беру үрдісінің мақсаты, білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылатын тізбесі

- 4.1. Кәсіпорын қызметінің мақсаты - оқушылардың орта арнайы кәсіби білім алу негізінде жан – жақты жеке тұлғаны қалыптастыру.
- 4.2. Кәсіпорын келесі білім беру қызметтерін іске асырады:
- орта кәсіптік білім беру бағдарламаларын;
 - қосымша орта кәсіптік білім беру бағдарламаларын, соның ішінде ақылы білім беру.

5. Оқушыларды қабылдау және шығару тәртібі

5.1. Кәсіпорынның оқуға қабылдау тәртібі ҚР білім және ғылым Министрлігінің «Техникалық және кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың ережесі» туралы бұйрығына сәйкес жүргізіледі. (Қосымша 1)

5.2. Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау Кәсіпорын ҚР білім және ғылым министрлігінің «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгісі бойынша ауыстырудың және қайта қабылдаудың ережесі» бұйрығының негізінде жүргізіледі. (Қосымша №2)

5.3. Кәсіпорынның түлектеріне орта кәсіптік білім алғандығы туралы мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

5.4. Оқушыны Кәсіпорыннан шығару келесі жағдайларда жүргізіледі:

- оқушының өз қалауы бойынша арызына сәйкес,
- құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны, Жарғыны өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін, колледждің ішкі тәртібін сақтау ережесі және кәсіпорын кеңесінің шешімі бойынша шығаруға жол беріледі;
- заңнамада көзделген басқа негіздер бойынша.

6. Білім беру процесін ұйымдастыру (оның ішінде оқыту тілі (тілдері) және тәрбиелеу, білім алушылардың оқыту тәртібі, білімді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің түрлері мен тәртібі

6.1. Кәсіпорында оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

6.2. Кәсіпорында оқыту ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы өзгерістер мен қосымшалар бойынша жүргізіледі. ҚР Денсаулық сақтау Министрінің 04.07.2005 ж. №322 Білім және Ғылым Министрінің 22.07.2005 ж. №391 бірлескен бұйрығымен бекітілген.

6.3. Кәсіпорында төмендегідей негізгі сабақтар түрлері белгіленеді: сабақ, дәріс, семинар, тәжірибелік сабақтар, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, консультациялар, өзіндік жұмыстар, тәжірибелік жұмыстар.

6.4. Әр түрлі кәсіптік тәжірибе мен оқу сабақтарын өткізу мерзімі оқу жоспарлары мен оқу графигінің кестесімен белгіленеді.

Оқу нысаны: күндізгі, кешкі.

Сонымен қатар:

- Кәсіпорын бір демалыс күнімен алты күндік жұмыс аптасы кестесімен екі ауысымда жұмыс істейді;
- сабақ кестесі оқушының тамақтануы үшін жеткілікті үзіліс қарастыруы қажет;
- оқу жоспарындағы жеке пәндерді оқытуға берілген сағат көлемі мемлекеттік үлгі жоспарында анықталған сағат көлемінен кем болмауы керек.
- оқытудың кешкі түрінің сағат көлемі күндізгі бөлімнің 70% құрайды.
- оқушылардың ата-аналары және оқушылардың өздерінің тарапынан сұраныс болған жағдайда және оқыту жағдайы болғанда қосымша бағыттар (салалар) енгізілуі мүмкін.

6.5. Топтардың саны кәсіпорынмен дербес анықталады.

6.6. Кәсіпорында оқу топтарының жиынтығы мамандықтар бойынша күндізгі бөлімде 25-30 адам, (өндірістен қол үзбей) кешкі оқитын бөлімдерінде 15-20 адам болып белгіленеді.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстарды, семинарлық сабақтарды, тілдер, информатика, дене шынықтыру бойынша сабақтарды және оқу тәжірибесін өткізу кезінде топтарды топшаға (адам саны 12-ден аз болмауы тиіс) бөлуге рұқсат етіледі.

6.7. Мекемеде оқу жылы 1 қыркүйекте басталады және нақты мамандық бойынша оқу процесі кестесіне сәйкес аяқталады. Жылдық календарлық оқу кестесі (аптадағы оқу күндерінің саны, сабақтың басталуы және аяқталуы, демалыс мерзімі және аралық аттестация өткізу) Кәсіпорынның педогогтік кеңесінің ойын ескеріп және құрылтайшымен келісе отырып Кәсіпорын директорының бұйрығымен бекітіледі.

6.8. Білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты, типтік оқу жоспары және бағдарламаларының негізінде жұмыс оқу жоспары мен бағдарламасы жасалынады және Кәсіпорын бастығымен бекітіледі.

6.9. Оқушыларды қабылдауды ұйымдастыру, тұлғаның даму жағдайы мен тәртібін түзетуді бақылау үшін еңбек ақы қорының жылға қарастырылған шегі есебінен психологиялық, аналитикалық қызмет құрылады.

6.10. Оқушылардың оқу үлгерімін ағымды, аралық және қорытынды бақылау түрлері Кәсіпорын басшысының бекіткен «Жамбыл медициналық колледжі оқушыларына ағымды, аралық, қорытынды аттестация жүргізу ережелері» Ережесінің негізінде жүргізіледі. (Қосымша 3)

7. Ақылы білім беру қызметін көрсету тәртібі және тізімі

7.1. Кәсіпорын ақылы білім беру қызметін көрсетуге құқылы

Ақылы білім беру қызметін көрсетулерге:

1) қосымша білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсетулер; (біліктілікті жоғарылату курсы)

2) Келісімшарт негізінде (ақылы) оқыту.

7.2. Кәсіпорын берілетін қосымша ақылы білім беру қызметінің сапасына дербес жауап береді.

7.3. Қосымша ақылы қызмет көрсетудегі педагог қызметкерлердің еңбек ақысы Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сақтай отырып, шаруашылық есеп негізінде жүргізіледі.

7.4. Қосымша ақылы білім беру қызметінің шарттары және басқа да сұрақтары Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы», «Білім туралы», «Лицензиялау туралы» заңдарымен және **САНШИН-мен** реттеледі, ерекше сәттері екі жақ арасындағы келісім-шартта аталып көрсетіледі.

7.5. Қосымша білім беру қызметі бюджет қаржысы есебінен қаржыландырылмауы тиіс.

8. Білім беру ұйымдары мен білім алушылардың және (немесе) олардың ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің қатысуымен регламенттеу және рәсімдеу

8.1. Азаматтық білім беру ұйымына қабылдау кезінде сол ұйым оны және (немесе) оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін білім беру ұйымдардың жарғысымен білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен, қабылдау тәртібін және оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті. Білім алушылардың құқығы бар:

1) Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға;

2) Кәсіпорын кеңесінің (педкеңесінің) шешімімен жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, жеделдетілген білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;

3) Кәсіпорынды басқаруға қатысуға;

4) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен оқу орнына қайта қабылдануға және біреуінен екіншісіне, бір мамандықтан екіншісіне немесе оқудың бір нысанынан екіншісіне, мемлекеттік емес оқу

орнынан мемлекеттік оқу орнына ауысуға;

5) Қазақстан Республикасының үкіметі белгілеген тәртіппен кәсіпорын кітапханаларының ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен тегін қамтамасыз етілуіне;

6) Өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

7) Өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

8) Оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;

9) Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық транспортта (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруге құқығы бар.

10) Оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға

11) Медициналық айғақтар бойынша және өзге де ерекше жағдайларда білім алушыға академиялық демалыс берілуі мүмкін.

8.2. Мемлекеттік стипендия мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушыларға ҚР Үкіметінің қаулысы «Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар төлеу ережесі» негізінде төленеді. (Қосымша №4)

8.3. Білім алушыларды оқу процесінен аландатуға жол берілмейді.

8.4. Білім алушылар мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары көлемінде білімді, шеберлік пен практикалық дағдыларды меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру ұйымының жарғысында көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

8.5. Білім алушылар педагог қызметкердің ар – намысы мен қадір – қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

8.6. Білім алушылар өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және дене бітімін өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндетті.

8.7. Білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға Кәсіпорынның жарғысында тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін. (Қосымша 5)

8.8. Білім алушылар өз міндеттемелерін бұзған жағдайда білім беру мекемесінің Жарғысында қарастырылған тәртіп бойынша шара қолданылады.

8.9. Кәсіпорында оқу-тәрбие процесі білім алушылардың денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады. Кәсіпорында білім алушылардың ауыруына жол бермеу, денсаулығын нығайту, дене бітімін жетілдіру, салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі.

8.10. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсыныстары негізінде әзірленген Кәсіпорын бекітетін ережелермен айқындалады.

8.11. Денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың денсаулығына үнемі бақылау жасауды, оларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Білім беру ұйымдары медициналық пункттерге орындар береді.

8.12. Жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында білім алушы және тәрбиеленуші жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар толық мемлекет қамқорлығында ұсталады.

8.13. Кәсіпорындағы сабақ кестесі білім алушылардың тамақтануы мен белсенді демалысы үшін ұзақтығы жеткілікті үзіліс жасалуын көздеуге тиіс. Жергілікті атқарушы органдар және Кәсіпорын директорлары білім беру ұйымдарында ақылы тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдай жасайды. Тамақ сапасы бақылау денсаулық сақтау органдарына жүктеледі.

8.14. Кәсіпорында оқудың, тәрбиелеудің, еңбек етуімен демалудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік олардың директорлары мен құрылтайшыларына, ал бақылау жасау, - тиісті мемлекеттік органдарға жүктеледі.

8.15. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

- 1.) Ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 2) Білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары жөнінде ақпарат алуға;

8.16. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

- 1) балаларға өмір сүруі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллектуалдық және дене күшін дамытуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) Кәсіпорынмен білім сапасын көтеру және тәрбие мәселелері бойынша ынтымақтастық жасауға;
- 3) балалардың кәсіпорынға баруын қамтамасыз етуге, үлгерімін қадағалауға;
- 4) Кәсіпорыннан тыс сабақтан бос және демалыс кезінде балалардың мінез құлқын қадағалауға, оладың қауіпсіздігіне жауап беруге;
- 5) ата-аналар жиналысына қатысуға;
- 6) Кәсіпорынмен бірге бала құқығы туралы Конвенцияны сақтауға міндетті.

9. Білім беру ұйымдарына құрылтайшы бекітіп берген меншік объектілерінің пайдаланылу тәртібі, білім беру, ұйымының өз қызметі процесінде сатып алған меншігін қалыптастыру тәртібі, білім беру ұйымын қаржыландыру көздері, олардың қызметін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету.

9.1. Кәсіпорынның мүлкі оған мемлекет берген мүліктен құрылады және негізгі қорлар мен айналыс қаражатынан, сондай-ақ кәсіпорынның балансында құны көрсетілген басқа мүліктерден тұрады.

9.2. Кәсіпорын мүлкінің құрылу және оның қызметін қаржыландыру көздері:

- мемлекеттік білім беру стандартын қамтамасыз етуге бөлінетін жергілікті бюджет қаражаттары;

- ақылы қызмет көрсетуден түскен табыс;

- Қазақстан Республикасының заңдарымен шек қойылмаған өзге көздер.

9.3. Кәсіпорын мүлкі, оған оралымды басқару құқығында тиесілі болады және коммуналдық меншікке жатады.

9.4. Егер заң актілерімен өзгеше көзделмесе, мемлекеттік кәсіпорынның қызметін қаржыландыру тек қана мемлекеттік бюджетпен жүзеге асырылады.

9.5. Кәсіпорын бухгалтерлік есеп жүргізеді және заңдарға сәйкес есеп береді.

9.6. Кәсіпорынның қаржы шаруашылық қызметін тексеру және ревизиялау белгіленген тәртіпте құрылтайшымен жүзеге асырылады.

9.7. Қызметтің бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады. Ақылы қызметті жүзеге асырудан пайда табатын Кәсіпорындар жыл сайын, ақылы қызметті жүзеге асырудан түсетін құралдар бойынша шығыстар мен табыстардың жеке сметасын құрайды.

9.8. Ақылы қызметтен және басқа да қызметтен түсетін қаржылар міндетті түрде ата-аналар кеңесімен келісе отырып және Кәсіпорын директоры бекіткен алдыңғы бірінші кезектегі шараларды ескере отырып тек қана жарғылық мақсатқа жұмсалады. Кәсіпорынның директоры қаржының басқарушысы болып табылады.

9.9. Ақылы білім беру және басқа да қызметтен түскен қаржылар Кәсіпорынның «Ақылы қызметтен түскен қаржылар» ағымды шотына есептеледі.

10. Басқару органдары, бақылау

10.1. Кәсіпорынды Мемлекеттік басқаруды – Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы жүзеге асырады. Оның құзырына енеді:

- 1) мемлекеттің әлеуметтік тапсырысын Кәсіпорынға жеткізу;
- 2) тапсырыстың орындалуын қадағалайды;
- 3) мәмілелер жасауға рұқсат беріледі;
- 4) Кәсіпорынның мүлігін бекітеді;
- 5) Кәсіпорынды қамтамасыз ету үшін сметаны (шығын жоспарын) бекітеді.
- 6) Кәсіпорынға берілген мүлікті және оны» тиімді қолданылуына бақылау жүргізеді.
- 7) Кәсіпорынның басшысының құқығын, міндеттерін, жауапкершілігін, оны жұмыс орнынан босату негіздерін белгілейді.
- 8) Кәсіпорынның құрылымын және шекті штатты санын бекітеді.
- 9) Кәсіпорын басшысының Қсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және жұмысынан босатады.
- 10) жылдық қаржы есебін бекітеді.
- 11) қызметкерлердің аттестациясын жүргізеді және оларға біліктілік дәрежесін береді.
- 12) оған есепті Кәсіпорынның басшысын тағайындайды.
- 13) Заңнамамен белгіленген өзге де функцияларды атқарады.

10.2. Кәсіпорынның жоғарғы өзін-өзі басқару органы пед.кеңес болып табылады, ары қарай кеңес директор басқаратын өкілеттік мерзімі 5 жылдан аспайтын сайланбалы өкілетті орган. Кеңесті мерзімінен бұрын қайта сайлау оның мүшелерінің жартысына жуығы талап етілуімен жүргізіледі. Кеңес шешімімен шығып кеткен адамдардың орнына жаңа мүшелер сайланады.

10.3. Кеңес қоғамдық - мемлекеттік алқалық басқару органы ретінде кәсіпорынды басқарудың демократиялық формаларын дамыту, орта кәсіптік білімді білікті мамандарды дайындау мен тәрбиелеудің негізгі нәтижелеріне жету үшін оқытушылардың, қызметкерлердің, оқушылардың, мекеменің күштерін біріктіру мақсатында құрылады.

10.4. Кеңес кәсіпорынның өзін-өзі басқаруының жоғарғы органы болып табылады және ол өзінің жұмысын орта кәсіптік білім бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес әкімдікпен, қоғамдық өздігінен әрекет ететін, қоғамдық өзін-өзі басқару органдарымен тығыз байланыста жүргізеді.

10.5. Кеңестің құрамына әкімшілік, педагогикалық ұжым, қызметкерлер, оқушылар, олардың ата-аналарының, мамандар дайындалатын базалы кәсіпорындардың еңбек ұжымдарының, ұйымдар мен мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

10.6. Кеңес:

- орта кәсіптік білімді мамандарды дайындау, қайта дайындау және олардың біліктілігін көтеру бойынша мемлекеттік шешімдерді орындаудың шараларын белгілейді және оларды жүзеге асыруды ұйымдастырады;
- Кәсіпорынның дамуы мен оның оқу - материалдық базасын жетілдіру мәселелерін шешеді;
- бүкіл ұжымның, жекелеген құрылымдық бөлімшелердің тиімді жұмыс істеуіне ықпал ететін шараларды әзірлеуге қатысады, әділеттік принципінің сақталуын қадағалайды;
- Кәсіпорынның Жарғысын қабылдайды және оған қажетті өзгертулер енгізеді;
- Кәсіпорынның жұмыс тәртібін, оқыту тілін, сонымен қатар оқушылар, оқытушылар мен қызметкерлер үшін салауатты өмірдің қолайлы жағдайын қамтамасыз ететін оқу аптасының ұзақтығын бекітеді;
- оқытудың өндіріспен байланысын, Кәсіпорынның мекемелер мен ұйымдармен өзара қарым қатынасын бекіту, мамандарды өндірісте пайдалану мәселелерін шешуге қатысады және осы мәселелер бойынша ұсыныстар дайындайды;
- Кәсіпорын Қызметіне қатысты Кеңеске жолданған оқушылардың, оқытушылардың, қызметкерлер мен басқа да адамдардың арыздарын қарайды және қажетті шешім шығарады.

10.7. Кеңесті Кәсіпорын директоры басқарады, ол бір мезгілде оның төрағасы болып табылады. Колледж Кеңесінің 50% кем болмайтын құрамы осы ұжымның жалпы жиналысында ашық немесе жабық сайлау арқылы сайланады. Кеңестің дербес құрамын директор бекітеді.

10.8. Кеңес шешімі бұйрықты директор бекіткеннен кейін күшіне енеді. Кеңестің жұмыс тәртібі директор бұйрығымен бекітілген регламент бойынша анықталады.

10.9. Заңнамамен басқаша бекітілмесе, Кәсіпорын директоры лауазымына құрылтайшымен тағайындалады және босатылады.

10.10. Кәсіпорынның директоры Кәсіпорын қызметін ұйымдастырады және басқарады, құрылтайшыға тікелей бағынады (заңнамамен басқаша бекітілмесе), және Кәсіпорынға жүктелген тапсырманың орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді. Кәсіпорын басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген

- тәртіппен:
1. білім беру ұйымы білім алушыларының, тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;
 2. өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;
 3. мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын бұзғаны;
 4. білім беру ұйымы білім алушыларының және тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің оқу және тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы;
 5. қаржы – шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаражаттарының нысаналы пайдаланбағаны;

10.11. Мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы үш жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

10.12. Кәсіпорынның директоры жеке бастамашылық принципіне әрекет етеді және осы Жарғымен Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған құзыры шегінде Кәсіпорын қызметінің мәселелерін өз еркінше шешеді.

10.13. Кәсіпорын қызметін атқару жолында мекеменің басшысы белгілеген тәртіпте:

- Кәсіпорын атынан сенім хатсыз іс -әрекеттер жүргізеді.
- Кәсіпорын мүдделерін барлық органдарда ұсынады.
- Кәсіпорын қызметін оралымды басқаруды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.
- оқу-тәрбиелеу үрдісін жоспарлайды және ұйымдастырады, оның барысын және нәтижесін бақылауды жүзеге асырады, Кәсіпорын жұмысының сапасына және тиімділігіне жауап береді.
- Заңдарда көзделген жағдайлар мен шеңберде мүлікке билік етеді.
- Шарттар жасайды, сонымен бірге ұжымдық, жеке шарттар.
- Сенімхаттар береді.
- Кәсіпорынның іс-сапарлар, сынау мерзімін өткізу, Қазақстан және шет ел оқу орталықтарында қызметкерлерін оқыту және басқа түрінде біліктілігін арттыру туралы тәртіп пен жоспарларын бекітеді.
- банктік және өзге де қаржылық құжаттарға қол қояды, сенімхаттар береді және мәмілелер жасайды.
- барлық қызметкерлерге міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді.
- Кәсіпорын жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады.
- Кәсіпорын жұмыскерлерін марапаттау шараларын қабылдайды және тәртіптік жазаға тартады.
- өзінің орынбасарының (орынбасарларының) және Кәсіпорынның басқа қызметкерлерінің өкілеттік шеберін және міндеттерін белгілейді.
- заңнамамен, осы Жарғымен оған жүктелген өзге қызметтерді атқарады. (Қосымша 6)

10.14. Директор Кәсіпорынның ұйымдық құрылымын, құрылымдық бөлімшелердің, қызметтердің, бөлімдердің, кабинеттердің, зертханалардың, орталықтардың құрамын анықтауға және осы Жарғы мен құрылымдық бөлімшелер туралы ережеге өзгерістер енгізуге құқылы.

- 10.15. Директордың орынбасарлары мен бас бухгалтерді қызметке тағайындайтын немесе босататын Өкілетті орган, ол директордың ұсынысы бойынша жүзеге асады.
- 10.16. Кәсіпорын негізгі жалпы, орта жалпы, бастауыш кәсіптік білім беретін құрылымдық бөлімдерді, сонымен қатар дайындық бөлімін құруға құқылы.
- 10.17. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдері туралы ережесі Өкілеті органның нормативті-құқықтық актілері негізінде Кеңеспен бекітіледі. (Қосымша 6)
- 10.18. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің жетекшілері директордың бұйрығымен тағайындалады.
- 10.19. Тиісті лицензия (рұқсат) болған жағдайда колледжде жалпы, орта жалпы және кәсіптік білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл бағдарлама заңды тұлға құрмай-ақ жүзеге асуы мүмкін.
- Колледжде білім беру мерзімі 3-4 жыл. Бастауыш кәсіптік білімі бар азаматтар ұқсас мамандықтар бойынша оқудың жылдам түрі бойынша орта кәсіптік білім ала алады.
- Бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік білім беру білім бағдарламалары шеңберінде берілген кәсіптік білімнің нысанын ескере отырып, мемлекеттік жалпы міндетті Қазақстан Республикасының білім стандарты бойынша беріледі.
- Колледжде білім беру екі сатылық қағида бойынша беріледі - 10-11 сыныптар — кәсібиге дейін, 2-3-4 курстар — кәсіби саты.
- Колледж бітіргеннен кейін студенттерге Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі бекіткен үлгідегі орта кәсіптік білім алғандығы туралы құжат беріледі.
- 10.20. Пәндік циклдық комиссиялар мен бөлімдер бір немесе бірнеше мамандықтар бойынша студенттерді өндірістен қол үзіп немесе қол үзбей дайындайтын Кәсіпорынның оқу - әдістемелік және әкімдік құрылымдық бөлімдері болып табылады..
- 10.21. Пәндік (циклдық) комиссия 5 адамнан кем емес оқытушылардан, аға оқытушылардан, өндірістік оқыту шеберлері — оқытушыларынан және күндізгі немесе сырттай оқу бөлімдерінде жұмыс істейтін, сонымен қатар басқа да қосымша жұмыс істейтін және негізгі емес (штаттық емес) жұмыс түрлерімен айналысатын педагогикалық қызметкерлердің санатынан құрылады.
- 10.22. Пәндік (циклдық) комиссиялардың тізімі, олардың төрағалары мен дербес құрамы директордың бұйрығымен бір жылдық мерзімге бекітіледі. Пәндік (циклдық) комиссиялардың төрағаларын сайлауды жүргізудің мақсаттылығы мен шарттары оқу орнының Кеңесімен (әдістемелік Кеңесімен) анықталады.
- 10.23. Пәндік (циклдық) комиссияның жұмысын жоспарлау және ұйымдастыруды, сонымен қатар тікелей басқаруды оның төрағасы жүзеге асырады. Пәндік (циклдық) комиссияның төрағасының міндеттерін орындау жұмысына бекітілген тәртіпте қосымша ақы төленеді.
- 10.24. Пәндік (циклдық) комиссияның жұмысын жалпы басқаруды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.
- 10.25. Пәндік (циклдық) комиссия өз жұмысын педагогикалық және оқушылар ұжымдары мүшелерінің мүдделерін есепке ала отырып ғылымилық, жариялылық қағидалары бойынша жүргізеді. Ол негізгі бағыттар бойынша іс-шараларды әзірлеу мен жүргізуге құқылы.
- 10.26. Комиссия құрамына кіретін әрбір оқытушы педагогикалық бастамамен пікір білдіруге, оқу сабақтарын жүргізудің педагогикалық негізделген формаларын, оқушыларға білім беру мен тәрбиелеудің құралдары мен әдістерін өз бетінше анықтауға, оқытудың тәжірибелік әдістемесін қолдануға, өз комиссиясы мүшелерінің педагогикалық жүктемесін бөлу бойынша ұсыныстар беруге құқысы бар.
- 10.27. Әрбір пәндік (циклдық) комиссия Кәсіпорынның істер номенклатурасына сәйкес қажетті құжаттаманы жүргізеді.
- 10.28. Бөлім бір немесе бірнеше мамандықтар бойынша өндірістен қол үзіп немесе қол үзбей студенттерді дайындауды жүзеге асыратын Кәсіпорынның оқу-әдістемелік және әкімдік құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Бөлімді жоғары білімі және оқу-әдістемелік жұмыс тәжірибесі бар білікті мамандардың арасынан меңгеруші басқарады.

10.29. Бөлім оқытудың барлық формалары бойынша оқу сабақтарының барлық түрін жүргізеді, жалпы арнаулы курстардың оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлейді, оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары мен техникалық құралдарын енгізеді, оқытудың модульдік — рейтингтік технологиясын және бақылаудың ағымдағы және қорытынды жүйесін жетілдіреді, мамандарды көп сатылы дайындауға қатысады, мемлекеттік стандарттарға сәйкес оқу процесінің қажетті ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

10.30. Бөлімді шарт бойынша бір жылға қабылданған, кейіннен үш жылдық мерзімге шарт жасасатын меңгеруші басқарады.

10.31. Бөлім меңгерушісі бөлімдегі оқу және тәрбиелік жұмыстың ұйымдастырылуы мен сапасына толық жауап береді.

10.32. Жұмыс тәртібі: бухгалтерия қызметкерлері үшін бес күндік жұмыс аптасы екі күндік демалыспен белгіленеді. Бес күндік апталық жұмыс кезінде күнделікті жұмыс мерзімі (ауысым жұмысы) 8 сағаттан апталық қалыптылығы 40 сағаттан аспауы керек, 7 сағат 12 минут апталық қалыптылығы 36 сағаттан және 5 сағат апталық қалыптылығы 24 сағаттан.

10.33. Қалған қызметкерлер үшін жұмыс тәртібі алты күндік апталықпен белгіленеді. Алты күндік апталық кезінде күнделікті жұмыс мерзімі 7 сағаттан апталық қалыптылығы 40 сағаттан аспауы керек, 6 сағат апталық қалыптылығы 36 сағаттан және 4 сағат апталық қалыптылығы 24 сағаттан.

11. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штатын толықтыру тәртібі, еңбекке ақы төлеу шарттары, олардың құқықтары мен міндеттері

11.1. Білім беру ұйымдарында тиісті кәсіптік білімі бар азаматтардың педагогтік қызметпен айналысу (оқыту және тәрбиелеу) құқығы және шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттар (келісімдер) негізінде танылады.

11.2. Тиісті кәсіптік білімі жоқ азаматтарға педагогтік қызметпен айналысу құқығы қажетті мамандар болмағанда ғана Кәсіпорын кеңесінің шешімі бойынша беріледі.

11.3. Білім беру ұйымдарындағы педагогтік қызметке сот үкімімен оған тыйым салынған адамдар жіберілмейді.

11.4. Білім беру мекемелері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

Бюджеттен алынатын қаражат есебінен ұсталатын мемлекеттік білім беру мекемелері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы Ережені еңбек саласындағы орталық атқарушы органымен келісе отырып, білім беру саласындағы орталық атқарушы органдар бекітеді.

11.5. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің жалақысы мен қызметтік айлықақылары мамандығы бойынша жұмыс стажы ескеріле отырып, олардың біліктілігіне, қызмет міндеттеріне сәйкес белгіленеді.

11.6. Мемлекеттік білім беру ұйымдары өздерінде бар қаражатының шегінде, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет есебінен үстеме, қосымша ақылардың, сыйлықтардың және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдердің мөлшерін өздері белгілеуі мүмкін.

Бюджет қаражатынан ынталандыру сипатында төленетін төлемдер жалақының кепілді бөлігі бойынша берешек болмаған жағдайда ғана жасалуы мүмкін.

11.7. Кәсіпорынның педагог қызметкерлері үшін нормативтік оқу жүктемесі аптасына 18 сағаттан белгіленеді.

Кәсіпорында педагог қызметкерлерге арналған нормативтік оқу жүктемесін білім беру саласындағы орталық атқарушы органдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Заңда белгіленген шекте реттеп отырады.

11.8. Кәсіпорын қызметкерлеріне кураторлығы үшін, ЦӘК төрайымдарына, бақылау және курстық жұмыстарды тексергені үшін, оқу кабинеттеріне меңгерушілік еткені, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін қосымша ақы және Қазақстан Республикасының Үкіметі көздеген басқа да ақылар төленеді.

11.9. Өз қаражаты есебінен еңбекке ақы төлеу жөніндегі ережені тиісті Кәсіпорын ҚР «Мемлекеттік Кәсіпорындар туралы» заңының 28 бабына сәйкес (құрылтайшылар) айқындайды.

11.10. Кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері Кәсіпорынның жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен және қызметтік нұсқауларымен айқындалады.

11.11. Педагогтік қызмет атқаратын адамдар педагог қызметкерлер болып есептеледі. Педагог қызметкерлер мен оларға теңдестірілген адамдар қызметінің тізбесін, сондай-ақ білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

11.12. Кәсіпорынның педагог қызметкерлерінің:

- 1) кәсіптік қызмет үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
- 2) білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты сақталған жағдайда педагогтік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
- 3) ғылыми зерттеулер тақырыбын және олардың нәтижелерін педагогикалық практикада пайдалану нысандарын еркін таңдауға;
- 4) оқу орнын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 5) жұмыстан қол үзе отырып, құрылтайшының қаражаты есебінен бес жылда бір рет ұзақтығы төрт айдан аспайтын уақытта өздерінің біліктілігін арттыруға;
- 6) санатын көтеру, қызметінде өсу мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;
- 7) ұзақтығы күнтізбелік 56 күнге ақы төленетін демалыс алуға және оларға кезекті еңбек демалысын кезінде мемлекеттік білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасымен айқындалған мөлшерде күнтізбелік бір рет сауықтыруға жәрдемақы;
- 8) жеке педагогикалық қызметке;
- 9) өзінің кәсіптік абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 10) білім беру ұйымдары мен олардың қызметкерлерінің білім беру және экономикалық қызметінің көзі болып табылатын материалдық активтер (ғылыми, әдістемелік еңбектер патенттер, бағдарламалық қамтамасыз ету, білім беру және ақпарат технологиялары және басқалар) нысанындағы интеллектуалдық меншігін меншіктің басқа түрлерімен бірдей қорғауға;
- 11) білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға;
- 12) педагогикалық қызметтегі табыстары үшін материалдық және моральдық жағынан көтермеленуге, ордендермен және медальдармен, құрметті атақтармен, белгілермен және грамоталармен марапатталуға құқығы бар.

11.13. Кәсіпорынның эксперимент режимінде жұмыс істейтін педагог қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді.

11.14. Педагог қызметкерлер:

- 1) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тиісті мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарында көзделген деңгейден төмен емес білім, шеберлік және дағды алуын қамтамасыз етуге;
- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттерін ашып, оны дамытуына жәрдемдесуге;
- 3) өз біліктілігін арттыруға, кемінде бес жылда бір рет аттестаттаудан өтуге;
- 4) педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;
- 5) білім алушылардың қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 6) салауатты өмір салтын жүргізіп, оны білім алушылар арасында насихаттауға міндетті.

12. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

12.1. Кәсіпорын Жарғысына толықтырулар мен өзгертулер Құрылтайшының шешімімен енгізіледі. Ол жайында Кәсіпорын Қазақстан Республикасының “Азаматтық кодексінің” 42 бабына сәйкес 1 ай мерзімде тіркеу органдарын хабардар етеді.

13. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

13.1. Кәсіпорынды тарату және қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) оның мүлкінің иесінің немесе сот шешімі бойынша жүргізіледі.

13.2. Қайта ұйымдастыру кезінде өкілетті орган Кәсіпорынның құқықтық мирасқорын белгілейді.

13.3. Кәсіпорынды таратуды тарату туралы шешім қабылдаған орган тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді.

13.4. Тарату комиссиясы тағайындалған мезеттен бастап оған Кәсіпорынның қызметін басқару өкілеттігі көшеді. Тарату комиссиясы Кәсіпорынның қолындағы мүлкін бағалайды, оның дебиторларын анықтайды, олармен есептеседі, Кәсіпорынның үшінші жақтарға Кәсіпорын жұмысшыларына тиісті қарыздарын өтеуге шаралар қолданады, тарату балансын дайындайды.

13.5. Несие берушілердің талабын қанағаттандырғаннан қалған Кәсіпорын мүлкі, уәкілетті органмен қайта бөлінеді, несие берушілердің талабын қанағаттандырғаннан қалған мүлкті өткізу нәтижесінде алынған ақшаларды қоса, Кәсіпорын ақшалары бюджет кірісіне алынады.

УСТАВ

коммунального государственного казенного предприятия «Жамбылский медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области»

1. Общие положения

1.1. Коммунальное государственное казенное предприятие «Жамбылский медицинский колледж» управления здравоохранения Акима Жамбылской области (свидетельство о государственной регистрации №4983-1919-ГП) перерегистрируется в связи с изменением наименования в Коммунальное государственное казенное предприятие «Жамбылский медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области» в дальнейшем «Предприятие», на основании постановления акимата Жамбылской области №244 от 14 июля 2009 года.

1.2. Предприятие образовано на праве оперативного управления и как субъект права государственной собственности находится под юрисдикцией местных исполнительных органов, уполномоченных на это собственником.

1.3. Предприятие является юридическим лицом, имеет гербовую печать, штампы, бланки с содержанием своего полного фирменного наименования, эмблему и иную необходимую атрибутику, имеет право приобретать имущественные и личные неимущественные права и нести обязанности, выступать истцом и ответчиком в суде.

1.4. Собственником или учредителем Предприятия, далее «Собственник», и уполномоченным органом является Акимат Жамбылской области. Орган государственного управления-управление здравоохранения акимата Жамбылской области.

1.5. Предприятие с разрешения собственника имеет право осуществлять приносящую доходы деятельность. Доходы, полученные от такой деятельности и приобретенное за счет этих доходов имущество поступают в самостоятельное распоряжение предприятия и учитываются на отдельном балансе.

1.6. Предприятие в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях». Законом Республики Казахстан «О государственном предприятии» другими законодательными актами и настоящим Уставом.

1.7. В Предприятии не допускается создание и деятельность организационных структур политических партий, общественно-политических и религиозных движений и организаций.

1.8. Фирменное наименование Предприятия: Коммунальное государственное казенное предприятие «Жамбылский медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области».

